



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

| (явлениях, процессах) данного периода истории                                                                                                            |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1)                                                                                                                                                       | 2) |
| <b>К3. Причинно-следственные связи</b> (не засчитываются причинно-следственные связи, названные при указании роли личности и засчитанные по критерию К2) |    |
| 1)                                                                                                                                                       | 2) |
| <b>К4. Оценка событий</b> (явлений, процессов) данного периода на дальнейшую историю России                                                              |    |
| <b>К5. Использование исторической терминологии</b>                                                                                                       |    |
| <b>К6. Наличие фактических ошибок</b> (если по критериям К1-К4 не менее 4 баллов)                                                                        |    |
| <b>К7. Форма изложения</b> (если по критериям К1-К4 не менее 4 баллов)                                                                                   |    |

В таблице представлены все критерии оценивания данного задания. Учащемуся данная форма даст четкое понимание, за что в своей работе он получит конкретные баллы. Учителю упростит проверку работ данного вида.

Каждый ученик при желании и правильно выстроенной стратегии подготовки можно сдать ЕГЭ по истории на высокий балл. Все в ваших руках.

#### Список использованных источников

1. Артасов, И.А. ЕГЭ-2017: История: 10 тренировочных вариантов экзаменационных работ для подготовки к единому государственному экзамену / И.А. Артасов, О.Н. Мельникова. М.: АСТ, 2016. 127 с.
2. Баранов, П.А. История: Новый полный справочник для подготовки к ЕГЭ / П.А. Баранов, С.В. Шевченко; под ред. П.А. Барнова. М.: АСТ: Астрель, 2015. 463 с.
3. Воловичков, Г.Г. ЕГЭ. История. Пошаговая подготовка / Г.Г. Воловичков. М.: Эксмо, 2016. 288 с.
4. Кацва Л.А. История Отечества. Справочник для школьников и поступающих в вузы. Курс подготовки к ГИА, ЕГЭ и вступительным экзаменам / под науч. ред. В.Р. Лещинера. М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА, 2014. 848 с.
5. Историко-культурный стандарт // <http://rushistory.org/proekty/kontsepsiya-novogo-uchebno-metodicheskogo-kompleksa-po-otechestvennoj-istorii/istoriko-kulturnyj-standart.html>.
6. Кодификатор по истории 2017 года //
7. [http://fipi.ru/sites/default/files/document/1479113513/ob\\_oge-2017.zip](http://fipi.ru/sites/default/files/document/1479113513/ob_oge-2017.zip)

ӨОЖ 970.85

#### «НҰРЛЫ КӨШ» БАҒДАРЛАМАСЫ, ОРАЛМАНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ КІРІГУ МӘСЕЛЕСІ

Түлегенов Бақытжан Жанболатович

Nabiev-92@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - С. Набиев

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауында барша әлемді алаңдатқан күйзеліс кезеңінен шығудың жолдарын қарастыра отырып, біздің болашағымыздағы ең басты мәселе ретінде елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуді атап көрсеткен еді [1]. Әлеуметтік тұрақтылықтың еліміздің негізгі байлығы – халық санының өсіміне тигізер әсері оң болмақ.

Ал, халықтың өсімі – мемлекеттің алдында тұрған үлкен мәселе. Оны шешу – заман талабы. Өйткені, осыншама кең-байтақ жеріміз бола тұрып, халықтың саны өспесе, ұлт болшағына үлкен қатер төнетіндігі сөзсіз. Осы мақсаттарға жетуде халықтың табиғи өсімімен қатар, елдегі этнодемографиялық дамудың қозғаушы күштерінің бірі-көші-қон құбылыстарын реттеу өте маңызды.

Тәуелсіздік алғалы Елбасының бастауымен оралмандарды елге шақыру белсенді атқарылды, осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев этностық-этникалық сұрақтарды шешудің үш тәсілін атап көрсетті. «Бірінші – кейбір елдер басып-жаншу саясатын жүргізеді» бұл көп этносты тұрғыны бар, қоныс аударғандарды бауырындай құшақ жая қарсы алған Қазақстан халқына тән емес. Екінші-өз-өзімен шешіледі деп сеніп, этностық сұрақтарға ешқандайда мән бермеу. Бірақ бұл тығырықтан шығармайды. Тек үшінші жол көлемді еңбек етіп, тер төгуді қажет ететін біз таңдаған жалғыз дұрыс жол. Бұл жанасу нүктесін іздеу, халықтар арасындағы келісім мен сенім аясын кеңейту-деп атап өткен еді [2].

Өркениетті елдер қатарына толық құқықты мүше ретінде еніп отырған Қазақстанның енді оралмандарға қол ұшын беруі, күнделікті өмір-тіршілігіне жағдай жасауы, балаларын оқытуға мүмкіндік жасауы, оралмандардың елге қайтып келуіне себепкер болуы әбден орынды әрі дүниежүзілік қауымдастық басшылыққа алып отырған халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына толық сәйкес келеді. «Ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа» – деп айтқан еді Елбасы Н.Назарбаев Түркістанда 2002 жылғы 23 қарашада өткен Дүниежүзі қазақтарының II форумында [3].

Елге шақыру, орналастыру, оралмандардың ел ортасына сіңісуі мемлекеттің миграциялық саясатының басты бағыты, әлемнің 40-тан астам мемлекетінен тұрақ тапқан сырттағы қазақтың саны шамамен 5 миллионға жуықтайды. Соның 4 миллионы үш елдің еншісінде. Таратып айтсақ, Қытайда 1,5 миллион, Өзбекстанда 1,5 миллион және 1 миллионға жуығы Ресейде шоғырланған. Қалған бөлігі Моңғолияда (130 мың), Түркіменстанда (70 мың), Қырғызстанда (45 мың), Ауғанстан (30 мың) мен Түркияда (25 мың) біршама тығыз және жинақы орналасқан [4]. Осы қандастарымызды елге шақыру ұлт болашағына маңызды екендігін білген Елбасы, тәуелсіздік алған жылдардан бастап Дүниежүзілік құрылтайларды өткізу маңызды деп тапты. Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы төрт рет ұйымдастырылды: 1992 жылы Алматыда, 2002 жылы Түркістан қаласында, 2005, 2011 жылдары Астана қаласында өткізілген болатын. Бұл құрылтайлардың негізгі мақсаты республикадан тысқары, шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу. Сондай-ақ, қауымдастық тарихи отанына көшіп келген оралмандарға әлеуметтік қамқорлық жасап, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру болып табылады. Демографиялық ахуалды реттеуге сай келетін құрылтайдың өткізілуіде ұлт мүддесі үшін атқаратын маңызы зор.

Елбасының 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жолдауында елдегі халық санын жиырма миллионға жеткізу сандық көрсеткіші, халқымыздың демографиялық құрамын оңтайландыру үшін ең әуелі шетелдегі қандастарымызды тарихи отанына тарту керек деген ойлары нақты байқалады. Елбасының жарлығымен «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2002–2015 жылдарға арналған Тұжырымдамасында» шет елде тұратын этникалық қазақтардың қайтып оралуын ынталандырумен қатар, көшіп келушілердің жаңа ортаға бейімделу мәселесінеде баса назар аударылған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, өткізілген шаралардың арқасында шамамен 1 миллион этникалық қазақтар (оралмандар) елімізге оралды. Тарихи атамекеніне оралған этникалық қазақтарды шыққан орталарына байланысты біз төрт үлкен типке бөлуге болады деп санаймыз:

- кенестік мәдени ортадан келген этникалық қазақ;

- моңғолдық мәдени ортадан келген этникалық қазақ;
- қытайлық мәдени ортадан келген этникалық қазақ;
- исламдық мәдени ортадан келген этникалық қазақ (бұған Ауғанстан, Иран және Түркиядан келген қазақтар жатады)

Соңғы үш типке жататын мәдени ортадан келген этникалық қазақтар кеңестік мәдени ортадан келген этникалық қазақтарға қарағанда қазақ жеріне кірігу, біте қайнасуы қиынырақ жүзеге асуда. Оралған қазақтардың бейімделу барысындағы басты бір кедергі-орыс тілін жетік білмеу жергілікті халықпен қатынаста кедергі болып отыр. Орыс тілін шығыстық мәнермен сөйлеу кей жағдайларда келеке болып, осы негізде жанжалдарда туған. Бұл құбылыс орталық пен солтүстік аймақтарға тән. Саяси шешімдер институтының қызметкері Е.Смайылов: «қазақ қоғамының бүгінгі басты проблемасы – орыстілділер және қазақтілділер болып бөлінуі және өз қазанында өзінің қайнап жатқаны, бірін- бірі түсінуге ұмтылмауы», - деген пікірі орынды айтылған.

Бірақ бұл типтегі оралмандардың еліміздің мәдениетіне тигізген көмегі өте жоғары. Оралмандармен бірге елге жетіп жатқан мәдени бұлақтар отандық ұлы мәдениет айдынын толықтырып, толқындатып, деңгейін өсіре түсуде. Атап айтар болсақ: қазақтың таза тілі мен бағалы әдеби шығармалары, дәстүрлі діні мен тұрмыс-салты, ұлттық рух пен мінез-құлқы, ұлттық колөнердің әртүрлі үлгілері мен ұлтымыздың ұмыт боп бара жатқан ән мен әуен билері осы оралмандар арқылы соңғы жиырма жылда отандық мәдениетке қосылды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы № 204 «Халықты миграциялау туралы» Заңның - бабына сәйкес оралман дегеніміз– Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру рұқсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар [5].

Оралман термин басқа балама сөзбен ауыстыру да қазыргы таңда көп айтылып жүрген мәселелердің бірі.

Бұл термин 2005 -2011 жылдары Парламентте де көтерілді. Тарихи атамекеніне оралған қазақтар жергілікті қазақтармен сәйкестену барысында «оралман» атауы кедергі жасауда деп атап көрсетеді.

Көптеген адамдардың ойында жүреген «оралман» атауына балама сөз «қандастар», «ағайындар», «бауырлас» деген сөз оралманнан гөрі лайықты деп санайды.

Бірақ, қоғам қайраткері Ә.Байменов «Оралман» деген сөз заң бойынша тек мәртебені білдіру үшін айтылады, ал негізінде, тарихи отанға келгендердің барлығы біз үшін бірге туған қандастарымыз болып қалады, - дейді [6].

Жалпы шет елдегі қазақтардың басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас елдерді мекендейді, бұл территория қазақтарына қатысты ирредента ұғымы қолданылады. Ирредента - немесе қайта қосылмаған ұлттар отандастары басым тұратын мемлекетпен шектес аумақтарда қоныстанған этникалық аз топтарды білдіреді (мысалы Қазақстан жағдайында Ресей, Қытай, Өзбекстан т.б. елдердің шектес территориялары). Оралманға байланысты айтылатын үшінші бір ұғым – репатриант, яғни репатриациялық үрдіспен байланысты. Репатриация – иммигранттың өз тарихи отанына тұрақты өмір сүруге оралуы болып табылады [5].

Көші-қон процесін реттеу мен бақылауды жүйеге келтіру жолындағы мемлекеттік көші-қон саясатын құқықтық қамсыздандыру мақсатында қабылданған *заңдық құжаттарға* тоқталып өтсек: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары мен Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері, ережелері мен әртүрлі құжаттары. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Халқымыздың көші-қоны туралы» Заңы (1997 ж. 13 желтоқсан), ҚР көші-қон саясатының Тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР көші-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық Бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен «Нұрлы көш» Бағдарламасы және т.б атап өтуге болады.

Мемлекеттік деңгейде «Нұрлы көш» бағдарламасы ауқымды түрде қолға алынған болатын. 2009-2011 жылдары жүзеге асқан «Нұрлы көш» бағдарламасының басты мақсаты – адам аз қоныстанған солтүстік, шығыс және батыс облыстар мен шекара аймақтарды оралмандармен қамту болатын.

2009-2011 жылдар аралығында «Нұрлы көш» бағдарламасы Шымкенттен бастау алып, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақтау және Алматы облыстарында жүзеге асырылды. Бұл жоба Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласындағы «Асар» шағын ауданында сәтті жалғасын тапты. Үкімет бұл жобаны қолға алғанда, осы «Асар» шағын ауданының тәжірибесін ескерген болатын. Бұдан кейін жобаға үш жыл ішінде – 200 миллиардтай теңге бөлінді. Шығыс Қазақстан облысында бұл бағдарлама бойынша, 403 пәтер салынған. Олар Курчатова қаласы, Новоявленко селосы. Өскемен қаласының маңында Ертістің сол жағалауында 110 га аумақта 7000 үй салу көзделген. Шымкентте 2011 жылдың 13 қазанында бағдарламаға қатысуға ниет білдірген 650 адамның өтініші түскен, олардың 465-імен келіссім шартқа қол қойылып, 239 үй тұрғызылып, 138 үйдің құрылысы пайдаға берілген. Ақтөбе облысында бұл жоба бойынша Хромтау ауданының Көктау-2 ауылында 75 коттедж бой көтерген. Бұл облысқа 3 мың отбасын қабылдау үшін үш жылға 1-1,2 миллиард теңге бөлінген. Батыс Қазақстан облысының Зеленовск ауданы Балаған ауылында 100 үйдің құрылысы басталған. Сондай-ақ, «Нұрлы көш» бағдарламасы жүзеге асырылған аумақтарда оралмандарды жұмыспен қамту көзделген. Әрі әрбір ауылдың жанынан мектеп, бала бақша және акушерлік пункт салына бастаған. Мәселен Шығыс Қазақстан облысының Новоявленко ауылында 600 орындық мектеп, Батыс Қазақстан облысының Балаған ауылында 192 орындық мектеп пен 75 орындық бала бақшаның, 35 орындық акушерлік пункттің жобасы қолға алынған. Шымкентте тұрғызылған үйлермен қатар жылыжайлар салынған. Бұл игі атқарылған істердің барлығы «Нұрлы көш» бағдарламасының адам аз қоныстанған солтүстік, шығыс және батыс облыстар мен шекара аймақтарды оралмандармен қамту болатын.

Бұл зерттеу барысында сарапшыларға «Нұрлы көш» бағдарламасының жүзеге асуына сіздің көзқарасыңыз қандай, бағдарламаның жүзеге асуына көңіліңіз толама?» деген сауал қойылды.

Басым бөлігін мемлекеттік және қоғамдық қызметпен айналысатын сарапшылар құраған топ пікірі негізінен төмендегідей:

- «Нұрлы көш» бағдарламасы жақсы нәтиже берді»;
- «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында ішкі және сыртқы этникалық миграция

үрдісі реттелді;

- Бағдарлама арқылы елге жоғары сапалы мамандар тартылды;
- демографиялық ахуал реттелді.

Ал атамекеніне оралған сарапшылар қатарындағы қандастардың пікірі бойынша:

- «Нұрлы көш» бағдарламасы оңды;
- оның басты бір көмегі тұрғын үй береді;
- бірақ бұрын тегін болса қазір несиеге, осы несие үшін оралмандардың көбі

қарызға кіргісі келмей тартыншақтап отыр;

«Нұрлы көш» бағдарламасы жайлы, оралмандардың тарихи отанында бейімделуі барысындағы тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында оралмандар арасында экономикалық, заңды - саяси сауатты танымдық шаралары жүргізу қажет.

Көші-қон мәселелерімен нақты айналысатын мекеменің жоқтығынан «Нұрлы көш» бағдарламасы жайында нақты мәлімет алу қиын. 2011 жылы 25 мамырда Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайының салтанатты мәжілісінде сөз сөйлеген Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы көш» бағдарламасының екінші кезеңін бастау қажеттігін айтқан болатын. Ал Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқа төрағасының I орынбасары Талғат Мамашев кейін бір сұхбатында: Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Елбасы «Мен

Үкіметке тапсырма беріп, «Нұрлы көш» бағдарламасының екінші кезеңін жасауды тапсырамын» дегенді айтқан еді.

Түркістан қаласында өткен дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз қазақ халқы – мемлекеттің негізін құрушы, оның тағдырына жауап беруші, ішіміздегі өзге ұлт өкілдеріне өнеге көрсетіп, барлық істе бастамашы болуға тиісті ұйтқы халықпыз. Сондықтан үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсете білген жөн» деген еді.

«Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыру барысында кездескен қиындықтардың бірі, ол оралмандарды жұмыспен қамту болатын, бұл жағдайларды түзеу үшін оралманды жұмыспен қамту «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы жүзеге асыру тиімді шешімін тауып отыр.

«Нұрлы көш» бағдарламасының арқасында атқарылған жұмыстар өте ауқымды. Оралмандарды баспанамен, жұмыспен қамту оларды елге сіңіру мақсатында атқарылған бұл бағдарламаның тарихи маңызы жоғары деп білемін.

Еліміз тәуелсіздік алғанда өзге мемлекеттерде жүрген қандастарымыздың қуанып, өмірге деген сенімдерінің артқаны анық, сол қандастарымызды елге шақырып орналастыру біздің негізгі міндетіміз болып табылады. Сол себепті, «Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы зор, қазырғы әлемдік ахуал кезеңінде сәл саябырсып тұрған «Нұрлы көш» бағдарламасы болашақта өз мақсатына жетіп, ұлтты мұратына жеткізеді деп ойлаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә.Сындарлы он жыл. – Алматы:Атамұра, 2003. 240 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында / Н. Ә. Назарбаев; жауапты шығ. Б.Мұхамеджанов. – Алматы : Жібек жолы, 2010. 260 б.
3. Елбасы Н.Назарбаев Түркістанда 2002 жылғы 23 қарашада өткен Дүниежүзі қазақтарының II форумында сөйлеген сөзі//<http://www.turkystan.kz>
4. Бақытбек Р.Ассимиляция құрсауында қалу – қауіпті// <http://www.abai.kz>
5. Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы.
6. Байменов А. Оралмандарды еңбекпен қамту және дағдыландыру мәселелері// <http://www.akzhol.kz>

ӘОЖ 930.85

### **ОТАН ТАРИХЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ**

**Шабамбаева Анара**

[shabambaeva.anar@mail.ru](mailto:shabambaeva.anar@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

тарих факультеті 1 курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ә. Қара

Адамзат өркениетінде рухани және материалдық мәдениеттің оқшау, қайталанбайтын нақыштарын салған түркілердің бай тарихи өткенін пайымдасақ, «Мәңгілік Ел» болу мұраты да, жік-жікке бөлініп, жатжұрттықтардың боданына түскен кезеңдері де жетерлік, алайда тарихи зердесі мен өзгеден айыраар хас белгісі - ділін, бірегей Сөз өнері түрінде руханиятында сақтаған халық ретінде тани аламыз. Халқының тарихи өресінің биіктігін, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде терең жан-жақты зерделеген [1, 31 б.].